2 Біз үшін әрбір дауыс беруші маңызды

4 Қылыштан өткір, қылдан нәзік

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Важен голос каждого из нас!
www.election.gov.kz

Сыр бойы

№37 (21112) 12 наурыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!
www.election.gov.kz

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА ҮНДЕУІ

Құрметті Сыр жұртшылығы!

Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басуда.

Президентіміздің қатысуымен Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтай ел дамуының жаңа бағытын айқындаған алқалы жиын болды. Құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұған дейінгі саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық жаңғыруға қатысты маңызды бастамаларын жария етті.

Қоғамның жан-жақты талқылауынан өткен жаңа Конституцияның жобасы республикалық референдумға шығарылды. Бұл – еліміздің жарқын болашағы үшін өз таңдауымызды жасап, қастерлі Отанымыздың берік негізін қалауға берілген тарихи мүмкіндік.

Президентіміз «Жаңа Конституция Қазақстанды тың қарқынмен өркендетуге, әр азаматтың әлеуетін арттыруға жол ашады» деген болатын.

Жаңа Ата Заңымыздың негізгі мақсаты – егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтау, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Бұл – әлемдегі ахуал ушығып тұрған уақытта мемлекеттігімізді нығайтатын маңызды қадам.

Елдігіміздің басты нышаны болатын жаңа құжатта Ұлы Даланың мыңжылдық тарихи сабақтастығы сақталып, «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидатына берік негізделген. Біртұтас Қазақстан халқының арман-аңсары, мақсат-мүддесі кеңінен қамтылған құжатты – халықтық Конституция деуге толық негіз бар.

Қадірлі жерлестер!

Алашқа Ана, халқымызға пана болған Сыр өңірі еліміздегі қолға алынған саяси реформаларды жүзеге асыруда әрдайым береке-бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Ұлттық жаңғыруымыздың жаңа кезеңінде де өз азаматтық ұстанымдарыңызды білдіріп, нағыз оташылдықтың үлгісін көрсетеді деп сенемін.

Сындарлы сәтте ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.

Баршаңызды осы тарихи кезеңде, жоғары жауапкершілікпен 15 наурыздағы референдумға белсенді қатысуға шақырамын!

МЕРЕЙ

СҮЛЕЙЛЕР КӨШІН ЖАЛҒАҒАН

Сыр өзенінің төменгі ағысын жайлаған өңір халқының өнері сонау Қорқыт абыздан бастау алып, берісі Көшеней жырауға дейін ұлағат жырдың ұзын-сонар легіне ұласқан сүлейлер сарынымен ерекше. Осынау сабақты көшті үзбей жалғап келе жатқан дәстүрлі өнердің бүгінгі насихатшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, жырау Алмасбек Алматовтың 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуен» атты шығармашылық кеш өтті.

«Өнер орталығында» өткен тағылымды іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жазушы, тарихшы-этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығара Салғарауұлы, Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Алмасбек Нұрмаханұлының үзеңгілес әріптестері мен елімізге белгілі шәкірттері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ

2023 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келіп, облыстағы бірнеше кәсіпорында болды. Еңбек адамдарымен кездесіп, ел ішіндегі көп бастамаларға қолдау білдірді. Соның бірі Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі автомобиль жолын төрт жолақтыға ауыстыру мәселесі болатын. Сол сапарда Мемлекет басшысы бұл жұмыстарды жедел бастауды Үкіметке тапсырғаны халық есінде. Тіпті аталған ірі жол құрылысын қайта кеңейту жайын Президент Қызылорда төрінде өткен Ұлттық құрылтайда да тағы пысықтағаны бар. Ал күні кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің «Қызылорда-Ақтөбе» бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды.

©Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

«ҚЫЗЫЛОРДА-АҚТӨБЕ» БАҒЫТЫ: ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Бұл – жай жол құрылысы емес, өңір дамуына, тұрғындардың өмір сапасының артуына сеп болар әрі елдегі қалааралық байланысты жалғайтын ірі инфрақұрылымдық жоба. Аталған жұмыстың құрылысын жүргізуде демеушілер есебінен 350 млн теңгеге техника-экономикалық негіздеме әзірленді. Жалпы 487 шақырым жолға мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынды.

Рәсімде аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты республикалық маңызы бар автомобиль жолы құрылысының басталуымен құттықтап, жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи маңызды жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысында «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жаңа ірі жобаның жүзеге асырылатынын, оның ішінде «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы жол құрылысы биыл қолға алынатынын, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда-Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын айтты.

Президентіміз «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт» деген болатын. Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда.

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары аймағымыздағы 1600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға бюджеттен 37 млрд 845 млн теңге қаралған. Бұл қаржыға 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуден өтеді.

Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызы зор жобалардың бірі «Қызылорда-Ақтөбе» бағытындағы жолды төрт жолақтыға кеңейтудің бірінші кезеңін бастаймыз. Құрылысы басталғалы тұрған автожол өңірдің өркендеуіне, халық игілігіне қызмет ететін маңызды көлік дәлізіне айналсын! Жүргізушілер мен жолаушыларға әрдайым ақ жол, сәт сапар тілейміз, – деді облыс әкімі.

Жол құрылысын ашу шарасында «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев ізгі тілегін жеткізді.

– Осыдан 4 ай бұрын «Қызылорда-Жезқазған» жолының осы аймақтағы бөлігінің ашылуында кездесіп, қуанышты бөліскен едік. Қазір де Сыр елінде басталғалы тұрған ірі жобаның басында тұрмыз. Аталған құрылыстың, яғни Қызылорда мен Ақтөбе арасындағы төрт жолақты жолдың ұзақтығы 1100 шақырымды құрайды. Жалпы біздің ұлттық компания Президент тапсырмасымен ел бойынша 3400 шақырым жаңа жол құрылысын жүргізеді. Бұған 5 трлн теңге қаражат бөлінбек. Оның 30 пайызы Қызылорда облысына тиесілі. Қызылорда мен Ақтөбе арасындағы жол құрылысы төрт жобадан тұрады. Олар – «Қызылорда айналма жолы», «Қызылорда-Сексеуіл», «Сексеуіл-Ұлғайсын» және «Ұлғайсын-Ақтөбе» нысандары. Айта кетейін, Ақтөбе қаласынан бері қарай жол салу жұмысы алдағы бір айда басталып кетеді. Екінші бір қуанышты жаңалық, бұрын болмаған «Бейнеу-Сексеуіл» жобасы Қазақстан тарихындағы ең алғашқы жоба дер едім. Көп ұзамай басталатын 559 шақырымдық жаңа жол еліміздегі тың құрылыс болмақ, – деді Дархан Иманашев.

Жалпы «Қызылорда-Ақтөбе» бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы біздің өңірде екі кезеңмен жүреді. Алғашқысы – 26 шақырымдық Қызылорда қаласының айналма жолын салу.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықовтың сөзінше, аталған жолға 46 млрд теңге қаржы қаралыпты. Мердігер мекеме – «Қыран» компаниясы. Екінші кезең – Қызылорда қаласынан басталып, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырымдық жол. Мұның қаржысы 880 млрд теңгеге жуықтайды. Ал құрылысты 2028 жылдың соңында аяқтау межеленген.

Ресми деректерге сүйенсек, жаңа автодәліз бойына жаңадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Жолаушылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін кешендер бой көтеріп, шағын және орта бизнестің дамуына да мүмкіндік туатыны сөзсіз. Сондай-ақ жол II санаттан I санатқа ауысып, көлік қатынасын жеңілдетіп, ауыр жүк тасымалын күшейтпек.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы: $ 491,59 kzt € 572,16 kzt ₽ 6,24 kzt

Ауа райы: Бейсенбі +3⁰ -11⁰ | Жұма +7⁰ -5⁰

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

САЛАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде тұрғын үй құрылысын дамыту және саланы цифрландыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

– Тұрғын үй құрылысына және пәтер сатып алуға бөлінген қаржының толық әрі тиімді игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Үйлердің сапасы және белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі қатаң бақылануы тиіс. Баспаналарды кезектілік тәртібімен табыстауды 20 наурызға дейін аяқтау керек.

Өткен аптада аппарат инспекторлары аудандарда пайдалануға берілген үйлердің жай-күйін зерделеп, бірқатар кемшілікті анықтады. Аудан әкімдеріне кемшіліктерді жою жөнінде бұған дейін бірнеше рет тапсырма берілген болатын. Алайда тапсырма толық орындалмаған. Сондықтан мердігер мекемелерді тартып, анықталған олқылықтарды 3 күн ішінде шұғыл қалпына келтіріңіздер, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, өткен жылы өңірде тұрғын үй құрылысына 36 млрд теңге қаржы бөлініп, 939,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 108,4 пайызға өсім қалыптасты.

Жыл қорытындысымен 2577 пәтер табысталып, 10 мыңнан астам тұрғын баспанамен қамтылды. Биыл тұрғын үй құрылысы мен пәтер сатып алуға 55 млрд 600 млн теңге қаржы бөлінген.

СҮЛЕЙЛЕР КӨШІН ЖАЛҒАҒАН

Кеш аясында аймақ басшысы мерейтой иесі Алмасбек Алматовқа құттықтау лебізін білдіріп, өнер өкілінің халқымыздың дәстүрлі шығармашығын дамытуға қосқан зор үлесін атап өтті. Сонымен қатар, барша Сыр жұртшылығының атынан сый-құрмет көрсетіп, облыстың ең жоғары марапаты – «Құрмет грамотасын» табыстап, автокөлік кілтін тарту етті.

– Сыр өңірі – талай марғасқа жыраулар мен тума таланттарды өмірге әкелген, жыраулық өнердің түп қазығы, алтын көмбесі, алып тайқазаны саналатын құтты мекен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші қорытынды отырысында «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі» деп ерекше атап өткен болатын.

Сыр бойындағы жыраулық өнердің көрнекті өкілі, Сыр сүлейлерінің ізін жалғаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зерттеуші-ғалым, «Парасат», үшінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмасбек Нұрмаханұлы Алматов мерейлі 70 жасқа толды.

Алмасбек Нұрмаханұлы – дәуір көшінде дара із қалдырған жыр алыптарының мұрагері, Сыр өңіріне ғана тән жыраулық дәстүрдің сабақтастығына айрықша еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ағамыз жастайынан қолына домбыра алып «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сияқты елге кең тараған дастандарды жырлап, «жас жыршы» атанды. «Сыр сұлуы» ансамблі құрамынан басталған шығармашылық жолы белгілі жырау, ұлағатты ұстаз, өнер зерттеушісі, ғалым, қоғам қайраткері ретінде биік белестерге шығарды.

Егемендік алған жылдар ішінде ұлттық өнердің бұл түріне ерекше көзқарас қалыптасып, ата-бабаларымыздың асыл қазынасы жарқырай түсті. Алдағы уақытта да ұлттық өнеріміздің шамшырағы болып, келер ұрпаққа рухани мұра сыйлай беріңіз,– деді Н.Нәлібаев.

Кеш қонағы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан мерейтой иесіне Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын табыстады. Айтыстың ақтаңгері Мұхтар Ниязов арнау орындады.

Жыр кешінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елмұра Жаңабергенова бастаған Айгүл Елшібаева, Ұлжан Байбосынова, Жәкен Омаров сынды белгілі өнер қайраткерлері және Сыр өңірінің жыр жүйріктері Руслан Ахметов, Шолпан Биімбетова, Серік Жақсығұл, Мұхамедәлі Бекпейісов, басқа да ақын-жыршылар Сыр сүлейлерінен және А.Алматов шығармашылығынан жыр-толғаулар орындап, халықтың қошеметіне бөленді. Жыраудың өзі «Жыр бастауын» орындап берді.

Сырбойылық белгілі ғалым Мардан Байділдаевтің ізімен төл өнерді терең зерттеуді қолға алған Алмасбек Алматов Сыр бойында мақам-саз ерекшеліктеріне қарай жыраулық мектептердің қалыптасуына, атадан балаға мирас болған жыраулық өнерді жаңа дәуірге жеткізуге мол еңбек сіңірді.

Жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы бойынша Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алушылар кәсіби тұрғыда дәстүрлі жыршылық өнер иесі болып қалыптасты. Осының айғағы, жүздеген шәкірті АҚШ, Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да шет мемлекеттерде өнер көрсетіп, ел мерейін асқақтатты. Әлі күнге еліміздің әр өңірінде жыраулық дәстүрдің алтын арқауын жалғастырып келеді.

Кеш барысында көпке жария етілген тағы бір жағымды жаңалық, аймақ басшысы жыраудың шәкірттері, Түркия мемлекетінің Анкара музыка және бейнелеу өнері университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанттары Күнсұлу Түрікпен мен Ақерке Дабыловаға айына 300 мың теңге стипендия тағайындады. Сондай-ақ өнер иелеріне облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.

Айта кету керек, А.Алматовтың 70 жас мерейтойы аясында Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайында V томдық таңдамалы шығармаларының тұсаукесер рәсімі өтті.

Университет тарихында алғаш рет «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының іргетасын қалап, жыр жүйріктерін дайындаған Алмасбек Нұрмаханұлына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры атағы берілді. Ал Қармақшы ауданында «Асыл жырдың Алмасы» атты республикалық жыршы-жыраулар фестивалі өтті.

1-бет

ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жырау, өнертанушы, профессор Алмасбек Алматовтың 70 жылдық мерейтойына арналған Ғылыми кеңестің кеңейтілген салтанатты мәжілісі өтті.

Мерейтойлық жиынды университет ректоры Наурызбай Байқадамов ашып, ғылымның ұлттық өнер мен руханият саласындағы еңбегіне тоқталды. Қазақтың жыраулық дәстүрін жаңғыртып, ғылыми тұрғыда зерттеп, оны білім беру жүйесіне енгізуге елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Ғалым университет тарихында алғаш рет «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы бойынша «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының негізін қалап, алғашқы меңгерушісі болды. Оның бастамасымен ұлттық жыраулық дәстүрді зерттеу, жүйелеу және жас буынға үйрету бағытында бірқатар жұмыс атқарылды.

Салтанатты жиында Алмасбек Нұрмаханұлына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры аттестаты табысталды.

Мерейтойлық жиынға жазушы, тарихшы-этнограф Қойшығара Салғарақұлы, Қазақстанның Халық жазушысы Жүрсін Ерман, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, академик Қылышбай Бисенов және мәдениет пен өнер саласының өкілдері қатысты. Сонымен қатар университеттің профессор-оқытушылары мен Ғылыми кеңес мүшелері де жиналды.

Қонақтар мерейтой иесінің шығармашылық жолы мен ғылыми еңбектеріне тоқталып, қазақ руханияты мен дәстүрлі өнерді дамытудағы еңбегін ерекше атап өтті. Талантты шәкірттер тәрбиелеп, жыраулық мектептің қалыптасуына ықпал еткеніне тоқталды. Жазушы, тарихшы-этнограф Қойшығара Салғарақұлы өз сөзінде Алмасбек Алматовтың жыраулық өнердің сабақтастығын сақтаудағы еңбегін жоғары бағалады. Шара барысында Алмасбек Алматовтың шәкірттері мен жас өнерпаздар жырдан шашу шашып, ұстазға құрмет көрсетті.

Сондай-ақ ғалымның көптомдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті.

Кездесу соңында мерейтой иесі сөз сөйлеп, көрсетілген құрметке алғысын білдірді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

БІЗ ҮШІН ӘРБІР ДАУЫС БЕРУШІ МАҢЫЗДЫ

15 наурыз еліміздің саяси дамуы мен болашағына әсер ететін маңызды тарихи кезең болғалы тұр. Осы күні қазақстандықтар өткеннің қорытындысы ғана емес, мемлекет дамуының жаңа дәуірін айқындайтын құжат – жаңа Конституция үшін дауыс береді. Республикалық референдум қарсаңында Сыр елінің саяси маңызды науқанға дайындығы жөнінде Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтановпен әңгімелестік.

– Әділбек Бөрібайұлы, референдум өтетін уақыт таяп қалды. Қаланың көрікті жерлері мен халық көп шоғырланатын орындарда референдум өтетін уақыт белгіленген билборттар мен бейнероликтерді көріп жүрміз. Жалпы науқанға дайындық қалай жүріп жатыр?

– Осы жексенбі, яғни 15 наурыз еліміз үшін маңызды күн ретінде тарих қойнауына енгелі тұр. Азаматтар «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша бюллетень алып, таңдау жасайды. Бюллетень алған әрбір дауыс беруші «иә» немесе «жоқ» белгісінің тұсына таңдауын көрсетеді. Қазіргі таңда Қызылорда облысында 387 референдум комиссиясы бар. Оның 9-ы – аумақтық, 378-і – учаскелік референдум комиссиялары. Онда 2705 комиссия мүшесі қызмет атқарады. Бүгінгі күні барлық учаске қажетті материалдық жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Кестеге сәйкес, демалыс күндерінсіз жұмыс жасауда. Жалпы Қызылорда облысында референдум өткізуге дайындық қызу. 14 наурыз – тыныштық күні. 15 наурыз дауыс беру күні ретінде белгіленген. Дауыс беру 07.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асады.

– Референдум күні өзге қалада болатын немесе жұмыс бабымен басқа ауданға кетіп қалған азамат дауыс бере ала ма? Олар нені ескеруі керек?

– Әлбетте, Қазақстанның әрбір аймағынан келген немесе өзге қалаға іссапарға кеткен азаматтар үшін дауыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Ол үшін әрбір дауыс беруші өз учаскесінен 14 наурыз, сағат 18.00-ге дейін есептен шығару куәлігін алуы керек. Учаскеге келген азамат өз жеке куәлігі және өтініш қалдыру арқылы куәлік ала алады. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Мұндай жағдайда сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді. Бірақ, оқырманға айтарым, куәлік бір рет қана беріледі. Жоғалған жағдайда қайта берілмейді. Облыста 4925 есептен шығару куәлігі дайындалды. Бүгінгі күнге дейін аймақта 132 дауыс беруші куәлік алып үлгерді.

– Аймақта қанша азамат дауыс беру құқығына ие, оның ішінде алғаш рет дауыс беруге ниеттілердің үлесі қандай?

– 22 ақпаннан бастап аймақтағы 378 референдум учаскесі жұмысқа кірісті, яғни әр күні комиссия мүшелері кезекшілікте тұрады. Арнайы кесте белгіленген. Сол уақыттан бері учаскелерде азаматтар тізімдермен таныса алады. Комиссиялар қажет болған жағдайда тізімдердегі қателер мен дәлсіздіктер туралы өтініштерді қарап, оларға тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді. Облыста 492524 азамат референдум күні дауыс беруге құқылы. Оның 213452-сі – Қызылорда қаласының, қалғаны – аудандардың тұрғындары. Бұған өзге аймақтан есептен шығару куәліктерімен келген азаматтар да қосылуы мүмкін. Облыста 2637 азамат науқанда бірінші рет дауыс беруге мүмкіндік алса, оның 36-сы 15 наурыз күні 18 жасқа толады. Алғаш дауыс берушілер мен учаскеге ерте келген жастарға комиссия шағын естелік сыйлықты табыс етеді.

– Учаскеге баруға мүмкіндігі жоқ азаматтар қалай дауыс береді? Ал келе алатын мүгедектігі бар дауыс берушілер үшін қандай ыңғайлы жағдай қарастырылған?

– Біз үшін әрбір дауыс беруші маңызды. Денсаулық жағдайына байланысты учаскеге келуге мүмкіндігі жоқ азаматтар 15 наурыз күні түскі 12.00-ге дейін өтініш қалдыра алады. Мұндай жағдайда комиссияның 2 мүшесі тасымалданатын жәшікпен дауыс беруді ұйымдастырады. Қазіргі таңда облыс бойынша 1668 азаматтан өтініш келіп түсті. Бұл цифр әлі көбейеді. Ал учаскеге келетін мүгедектігі бар дауыс берушілер үшін 15 наурыз күні 63 инватакси және 49 ымдау тілі мамандарының кезекшілігі ұйымдастырылады. Дауыс беру учаскелерінде жаңа Конституцияның мәтіндік және аудио нұсқадағы жобасы қолжетімді. Сонымен бірге дауыс беру күні Жас сайлаушылар клубының жастары автоволонтер ретінде егде жастағы дауыс берушілерді учаскеге тасымалдау үшін көмек көрсетуді көздеп отыр.

– Тұрғындардың көбі өз учаскесін науқан таяп қалғанда іздейді. Оқырман біле жүрсін, дауыс берушілер өз учаскесін қайдан таба алады?

– Ең алдымен, дауыс берушілер үшін учаскедегі комиссия мүшелері QR белгісі бар А4 форматтағы 492524 дана жеке шақыру қағазын таратып бітті. Сонымен қатар референдум учаскесінің мекенжайы мен телефон нөмірі көрсетілген ақпараттық плакаттардың 6340 данасы 1682 көпқабатты үйдің кіреберісіне ілінді. Дауыс берушілерге өз учаскесін оңай табу үшін облыста 4 арнайы платформа жүзеге асырылды. «Өзіңді дауыс берушілер тізімінен тексер» платформасы referendum.orda.gov.kz және Telegram арнасында t.me/referendumKzo_bot боты жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге 109 нөмірлі бірыңғай байланыс орталығы, қала және аудан әкімдіктерінің жанынан call орталықтар белсенді түрде жұмыс жүргізуде. Азаматтар үшін учаскені анықтау қызметі бар арнайы «Smart Қызылорда» мобильді қосымшасы іске қосылды. Дауыс беруші азаматтарды уақытша тіркеумен айналысатын 5 учаске және азаматтардың қай учаскеге тіркелгенін онлайн форматта айқындайтын 187 учаске дайындалды.

– Комиссия мүшелері референдум өткізу тәртібі, тағы басқа мәселелер бойынша білімін қалай жетілдірді?

– Біздің учаскелердегі комиссия мүшелерінің басым бөлігі – тәжірибесі қалыптасқан, бұған дейін бірнеше науқанды өткізген өз ісінің мамандары. Референдум қарсаңында 157 семинар ұйымдастырылып, 3252 комиссия мүшесі оқыды. Оқыту жұмыстарына жергілікті бюджеттен 19,2 млн теңге қаражат бөлінді. Семинар комиссия мүшелерінің заңнаманы білуіне, дауыс беруді ұйымдастырудың тәртібіне негізделген. Сондай-ақ практикалық кейстер мен рөлдік ойындарға басымдық берілді.

– Соңғы дайындық жұмыстарына қатысты не айтасыз?

– Референдум учаскелерінің дауыс беру күніне дайындығы бойынша қажетті шаралар қабылдануда. Қазіргі таңда 1 пайыз резервімен 497 449 дана дауыс беруге арналған бюллетень басылуға жіберілді. Бюллетеньді облыстық полиция департаментінің қызметкерлері күзетуде және дайындалған референдум бюллетеньдерін барлық ауданға жеткізу үшін де сүйемелдейді. Бюллетеньдер референдум аяқталғаннан кейін сол күні арнайы жабдықталған сақтау қоймасына жеткізіледі. Заңға сәйкес дауыс беру аяқталғаннан кейін учаскелер 12 сағат ішінде дауыстарды санау процесін жүргізеді. Бұл әрекеттерді аккредиттелген байқаушылар мен БАҚ өкілдері тіркелу арқылы көре алады.

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ТАҒАЙЫНДАУ

АЛМАС ӘБІЛПАТТА – БАСҚАРМА БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Жиында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімі негізінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Әбілпатта Алмас Әбдіғаппарұлы таныстырылды.

Нұрлыбек Машбекұлы денсаулық сақтау басқармасы басшысының жұмысына сәттілік тілеп, бірқатар тапсырма жүктеді.

– Ана мен сәби өлімі, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткішін төмендетудегі жұмыстар жүйелі жүргізілуі тиіс. Тұрғындарды профилактикалық, оның ішінде онкологиялық және жұқпалы емес ауруларға тұрақты тексеріп, алдын алу шараларын күшейту керек. Саланы цифрландырып, қағазбастылықты азайтуды тапсырамын. Алмас Әбдіғаппарұлы тәжірибесіне сүйеніп, халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруда аянбай еңбек етеді деп сенім артамыз, – деді облыс әкімі.

Алмас Әбілпатта 1987 жылы дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілендіру» магистрі.

Еңбек жолын облыстық медицина орталығында қабылдау бөлімшесінің хирург-дәрігері ретінде бастаған. Әр жылдары облыстық көпбейінді аурухананың хирург-дәрігері, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары болып еңбек еткен. 2023 жылдан осы кезге дейін Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып келді.

МӘДИ БЕКМАҒАНБЕТОВ – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжілісте, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Бекмағанбетов Мәди Бауыржанұлы таныстырылды.

Нұрлыбек Машбекұлы жаңа басшыға игі тілегін білдіріп, саладағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру, білім сапасын арттыруға бағытталған жұмысты жүйелеу қажеттігін атап өтті.

– Білім сапасын әділ бағалаудың тәуелсіз тетіктерін енгізуде, жүйенің ашықтығы мен қоғамдық сенімді нығайтуда кешенді шаралар қабылдау қажет. Білім беру, әсіресе жекеменшік білім беру ұйымдарының біліктілік талаптарына сәйкестігіне қатаң бақылау орнатуды тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Мәди Бекмағанбетов еңбек жолын білім беру ұйымдарында бастаған. Әр жылдары облыстық ішкі саясат басқармасында маман, облыстық білім басқармасының бөлім басшысы лауазымдарында қызмет атқарған.

2020-2023 жылдар аралығында облыс әкімі аппаратында ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, бөлім басшысы болған. 2023 жылдан бүгінге дейін облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

ЖАСҰЛАН КЕРІМҚҰЛОВ – ФИЛИАЛ ДИРЕКТОРЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Оған жауапты сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Аймақ басшысы осы уақытқа дейін «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры лауазымын атқарған Жүнісов Ерұлан Бақтыбайұлын зейнет жасына жетуіне байланысты құрметті еңбек демалысына шығарып салып, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі мен Алғыс хат табыстады.

– Ерұлан Бақтыбайұлы өңіріміз арқылы өтетін республикалық маңызы бар автожолдардың сапасын жақсарту, логистикалық дәліздерді жетілдіру, жол апаттарын азайту бағытында нәтижелі

жұмыс атқарды. Республикалық маңызы бар жол құрылысын сапалы әрі мерзімінде аяқтауда уақытпен санаспай, күндіз-түні қызмет етті.

Президентіміздің тапсырмасымен басталған «Қызылорда – Жезқазған» автожолы құрылысының өңірімізге тиесілі бөлігінің уақытылы пайдалануға берілуіне зор үлес қосты.

Сізге зор алғысымыз бен ізгі ниетімізді білдіреміз. Деніңіз сау, әр күніңіз шаттыққа толы болсын! – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ облыс әкімі «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бұйрығымен акционерлік қоғамның Қызылорда облыстық филиалы директоры лауазымына тағайындалған Керімқұлов Жасұлан Махамбетұлын таныстырды.

– Әріптесіміз 1981 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Қазақ көлік және коммуникация академиясында «Автомобиль жолдары мен әуеайлақтар құрылысы» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтында инженер ретінде бастаған.

2019-2020 жылдары Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті «Жол активтері сапасының ұлттық орталығының» Қызылорда облысы бойынша филиалы директоры қызметін атқарған. Жеке секторда және мемлекеттік мекемелерде түрлі басшылық лауазымдарда болған.

Жасұлан Махамбетұлы аймағымыздағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесін арттырып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының Қызылорда-Ақтөбе бөлігін қайта жаңғырту жобасын сапалы іске асырып, мерзімінде пайдалануға беруді қамтамасыз етеді деп сенім артамыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Басқосуда облыстық әкімдерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, еңбек ардагері Өмірбек Шәменов сөз сөйледі. Ерұлан Бақтыбайұлын зейнет жасына жетуімен құттықтап, жаңа басшыға сәттілік тіледі.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

«Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 21 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 21 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру Қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 2-тармағының 17-10) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 117-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін, оның ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қолдауды көздейтін тетіктерді іске асыру тәртібін айқындайды.»;

2-тармақ 4-1), 5-1), 5-2), 5-3), 5-4), 6-1), 9-1) тармақшаларымен толықтырылсын:

«4-1) арзандатылған баға – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын әр адамға белгіленген шекті сауда үстемесі шегінде ай сайын белгіленетін жеңілдікпен сатып алатын баға;»;

«5-1) «әлеуметтік әмиян» – жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабарлауға (хабархат), есепке алуға және алуға (көрсетуге) арналған ақпараттандыру объектісі;

5-2) жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлерді және жеке практикамен айналысатын адамдарды, заң консультанттарын қоспағанда, жеке тұлғалардың бакуаттылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер немесе өзге де мемлекеттік қолдау нысандары;

5-3) мамандандырылған ұйым – агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін бәсекелестік нарықта жоқ немесе мардымсыз көрсетілетін жекелеген қызмет түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің шешімі бойынша құрылған немесе өңірлердің экономикасын дамытуға жәрдемдесу үшін құрылған (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) ұйым;

5-4) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет;»;

«6-1) тауарларды қадағалаудың ақпараттық жүйесі – Ұлттық тауарлар каталогын қолдана отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары туралы ақпаратты жинауға және өңдеуге арналған тауарларды таңбалау және қадағалаудың ақпараттық жүйесінің кіші жүйесі;»;

«9-1) цифрлық азық-түлік ваучері – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу кезінде жеңілдік түрінде берілетін мақсатты қолма-қол ақшасыз қолдау;»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында облыстың жергілікті атқарушы органы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың мынадай тетіктерін іске асырады:

1) тұрақтандыру қорларының қызметі;

2) кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу үшін қарыз беру.»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Мамандандырылған ұйым ауылшартауарөндірушілерді форвардтық шарттар шеңберінде:

ағымдағы қаржы жылының 1 қазанына дейін келесі жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты ерте пісетін көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

ағымдағы қаржы жылының 1 ақпанына дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қаржыландыруды жүзеге асырады.»;

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«20. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шеңберінде көкөніс өнімдерін жеткізу мамандандырылған ұйым Басқармамен бірлесіп маусымаралық кезеңде (қысқы-көктемгі кезең: қаңтар, ақпан, наурыз; көктемгі-жазғы кезең: сәуір, мамыр, маусым) қалыптастыратын график негізінде не ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету қажет болған жағдайда басқа кезеңдерде жүзеге асырылады.»;

22-1, 22-2, 22-3-тармақтармен толықтырылсын:

«22-1. Басқарма мамандандырылған ұйыммен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, Басқарма мен мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халыққа мынадай ақпаратты жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді:

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарының, тауарлық интервенцияларды жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жерлері тізбесін көрсете отырып, форвардтық сатып алуды жүргізу тәртібі, оның басталғаны және нәтижелері туралы;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бағамен өткізетін сауда объектілерінің орналасқан жерлері тізбесін көрсете отырып, кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі, оны берудің басталғаны және нәтижелері туралы;

3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын «әлеуметтік әмиян» арқылы цифрлық азық-түлік ваучерлерін пайдалана отырып арзандатылған бағамен өткізетін және кәсіпкерлік субъектілерінің сауда объектілерінің орналасқан жерлері тізбесін көрсете отырып, кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі, сондай-ақ оны іске асырудың басталғаны және нәтижелері туралы.

22-2. Мамандырылған ұйым бағаны тұрақтандыру мақсатында сатып алатын көкөніс өнімдерінің (қырыққабат, картоп, пияз, сәбіз) көлемі Комиссияның шешіміне сәйкес өңірлік сұраныс негізінде облыс халқының (қалалық немесе жалпы) үш айлық қажеттілігінің кемінде 30 пайыз мөлшерінде айқындалады.

22-3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктері сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның Тауарларды қадағалаудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.».

26-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«26. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы №362-НҚ бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізбесінен қалыптастырылады.».

30-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«30. Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу тікелей өндірушілерден, оның ішінде форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады. Егер өндіруші өнімді өткізуді тікелей жүзеге асырмаса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын азық-түлік тауарларын өткізуге маманданған көтерме сауда жеткізушілерінен (дистрибьютерлерден), сондай-ақ мамандандырылған ұйымнан сатып алу жүзеге асырылады.»;

37-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«37. Мамандандырылған ұйым өңірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде бейнебақылау жүйелерін қолдана отырып, өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын сақтау мерзімдерін қамтамасыз етеді.»;

42-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«42. Басқарма әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өңірлік теңгерімі (өндіріс көлемі мен азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу, олардың қозғалысы, қорлардың болуы), егіс алқаптары (жоспарлы), болжамды өнім, өткен күнтізбелік жылдағы қалыптасқан бағалар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны туралы мәліметтер және өзге де деректер негізінде айқындайтын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес қарыз береді. Қарызды беру қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылылық шарттарында қарыз шартын жасасу жолымен жүзеге асырылады.»;

44-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«44. Бағаны тұрақтандыру мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі:

1) мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына төмендетілген бөлшек/көтерме бағаларды белгілеуі;

2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға цифрлық азық-түлік ваучерлерін пайдалана отырып арзандатылған бағамен өткізу.»;

44-1-тармақпен толықтырылсын:

«44-1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға монетарлық емес мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектілеріне (сауда объектілеріне) тиісті өңірдегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санын ескере отырып, Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссия айқындайтын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу үшін қарыздар береді.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны мен мәртебелері туралы деректерді өзектендіруді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган автоматтандырылған ақпараттық жүйеде жүзеге асырады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыға электрондық үкімет порталының eGov Mobile қосымшасы арқылы SMS-хабарлама түрінде хабарландыру жіберіледі, онда цифрлық азық-түлік ваучерін алуға келісімін не бас тартуын растау сұралады.

Келісім расталған жағдайда цифрлық азық-түлік ваучері «әлеуметтік әмиян» арқылы есепке алынады және тек әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын арзандатылған бағамен сатып алу үшін пайдаланылады.

Цифрлық азық-түлік ваучерлері ай сайын, есептік айдың алдындағы айдың соңғы күніне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын отбасының әрбір мүшесіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде беріледі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ақы төлеу сауда объектісінің кассалық жабдығында QR-кодты оқу (сканерлеу) арқылы жүргізіледі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бүкіл тізбесін іске асыру цифрлық азық-түлік ваучері есебінен берілетін жеңілдік ескеріле отырып, арзандатылған бағамен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын таңбалау оларды сәйкестендіруге арналған арнайы жапсырмалармен (стикерлермен) жүзеге асырылады.

Кассалық жабдықты «әлеуметтік әмиянмен» интеграциялау жүзеге асырылады.

Тауарларды арзандатылған бағамен өткізу туралы есеп мынадай тәртіппен ұсынылады:

1) мамандырылған ұйымдар жиынтық есептерді электрондық нысанда жергілікті атқарушы органдарға жолдайды;

2) жергілікті атқарушы органдар жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру Қағидалардың қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың Қағидаларына қосымша
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысаны: www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1– ӘМАТ нысаны
Кезеңділік: апта сайын
Есепті кезең: 20___жылғы_____
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйым, басқарма.
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
мамандандырылған ұйым басқармаға апта сайын сәрсенбі күндері;
басқарма Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне апта сайын бейсенбі күндері.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі												

Жинау әдіс: электрондық түрде

№	Тауардың атауы	Сатып алынған тауарлар											
		тікелей				форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шеңберінде				берілген қарыздар бойынша			
		ауылшартауарын өндірушілер және қайта өңдеу кәсіпорындары		азық-түлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілер (дистрибьюторлар)		ауылшартауарын өндірушілер және қайта өңдеу кәсіпорындары		азық-түлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілер (дистрибьюторлар)		ауылшартауарын өндірушілер және қайта өңдеу кәсіпорындары		азық-түлік тауарларын өткізуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері	
		тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге

1	2	3		4		5		6		7		8	
1	Бірінші сортты бидай ұны												
2	Бірінші сортты бидай ұнынан жасалған нан (пішінді)												
3	Рожки												
4	Қарақұмық жармасы (дән)												
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді)												
6	Картоп												
7	Асханалық сәбіз												
8	Басты пияз												
9	Ақ қауданды қырыққабат												
10	Қызанақ («шие», «жүзім» сорттарынан басқа)												
11	Кияр («корнишондар» сортынан басқа)												
12	Алма												
13	Ақ қант – құмшекер												
14	Күнбағыс майы												
15	Сүйегі бар сиыр еті												
16	Сүйексіз сиыр еті												
17	Тартылған ет												
18	Қой еті, оның ішінде сүйексіз												
19	Жылқы еті, оның ішінде сүйексіз												
20	Жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған балық (табан, мөнке, көксерке, тұқы, сазан)												
21	Тауық еті (тауық жамбасы, сирағы, сан еті)												
22	Тауық (ұшасы)												
23	Майлылығы 2,2-6% пастерленген, ультра пастерленген, зарарсыздандырылған сүт дәмдік қоспалары жоқ (лактозасызды қоспағанда)												
24	Майлылығы 2-3 % айран (лактозасызды қоспағанда)												
25	Қаймақ (лактозасызды қоспағанда)												
26	Майлылығы 5-9% сүзбе (лактозасызды қоспағанда)												
27	Майлылығы 40-50% қатты, жарлытай қатты ірімшік												
28	Сары май (тұздалмаған, майлылығы 72,5%-дан 80%-ға дейін, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)												
29	Тауық жұмыртқасы (I санатты)												
30	Қара шай (дәмдік қоспалары жоқ, пакеттелгендерден басқа)												
31	Ас тұзы («Экстра»-дан басқа)												
32	Жалпы қорытынды, тауық жұмыртқасы мен нанды қоспағанда												

Кестенің жалғасы

Бар тауарлар						Өткізілген көлем			Қалдық	
тұрақтандыру қорларындағы		форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шеңберінде		берілген қарыздар бойынша		Өткізу орны	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге
тонна	мың теңге	тонна	мың теңге	тонна	мың теңге					
9		10		11		12			13	

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Атауы:_____
Мекенжайы_____
Телефоны_____
Электрондық почтасы_____
Орындаушы_____
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам:
_____ _____
(аты және әкесінің аты (бар болса), тегі (электрондық цифрлық қолтаңбасы)
Күні: 20___ жылғы «____» _____

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат» нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат» нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйым, басқарма толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысанды:
мамандандырылған ұйым басқармаға апта сайын сәрсенбі күндері;
басқарма Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы және сауда және интеграция министрліктеріне апта сайын бейсенбі күндері ұсынады;

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында тауардың атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден және қайта өңдеу кәсіпорындарынан тікелей сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

9. Нысанның 4-бағанында азық-түлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілерден (дистрибьюторлардан) тікелей сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

10. Нысанның 5-бағанында форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден және қайта өңдеу кәсіпорындарынан сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

11. Нысанның 6-бағанында форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар шеңберінде азық-түлік тауарларын сатуға мамандандырылған көтерме жеткізушілерден (дистрибьюторлардан) сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

12. Нысанның 7-бағанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарына берілген қарыздар бойынша сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

13. Нысанның 8-бағанында азық-түлік тауарларын өткізуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздар бойынша сатып алынған тауарлардың көлемі мен сомасы тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

14. Нысанның 9-бағанында тұрақтандыру қорларында бар тауарлардың саны, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

15. Нысанның 10-бағанында форвардтық шарттар мен оффтейк-келісімшарттар шеңберінде бар тауарлардың саны тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

16. Нысанның 11-бағанында берілген қарыздар бойынша қолда бар тауарлардың саны тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

17. Нысанның 12-бағанында сатылған көлемі, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі;

18. Нысанның 13-бағанында қалдық, тоннамен және мың теңгемен көрсетіледі.

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 264-бабының 1-тармағына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. «Кен іздеушілік үшін аумақтарды айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 9 қарашадағы №1255 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6509 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Геология комитетінің «Оңтүстікқазжерқойнауы» Оңтүстік Қазақстан өңіраралық геология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу және пайдалану комитетінің «Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы «____» _____ №_____ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтар

№ р/с	Аумақтардың атауы	Учаске нөмірі	Бұрыштық нүктелердің координаталары							Алаң, (гектар)	Әкімшілік-аумақтық бірлік
			Бұрыштық нүктелер	Шығыс бойлық			Солтүстік ендік				
1	Сарытас кен орны	1	1	67	11	11,6	44	26	6	5	Қызылорда облысы, Шиелі ауданы
			2	67	11	22,5	44	26	6,5		
			3	67	11	22	44	25	59,5		
			4	67	11	11,6	44	25	59,5		
2		2	1	67	11	22,5	44	26	6,5	2	
			2	67	11	26,1	44	26	6,9		
			3	67	11	27	44	25	57,2		
			4	67	11	22	44	25	59,5		
3		3	1	67	11	11,6	44	25	59,2	3	
			2	67	11	22	44	25	59,5		
			3	67	11	27	44	25	57		
			4	67	11	7,2	44	25	56,3		
4	Шолақ кен орны	1	1	67	20	5,8	44	23	6	5	Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы
			2	67	20	16,3	44	23	6,2		
			3	67	20	16,8	44	22	59,2		
			4	67	20	6,5	44	22	58,8		
5		2	1	67	20	16,3	44	23	6,2	4	
			2	67	20	23,5	44	23	6,4		
			3	67	20	24,6	44	22	56,9		
			4	67	20	16,8	44	22	59,2		
6		3	1	67	20	6,5	44	22	58,8	2	
			2	67	20	16,8	44	22	59,2		
			3	67	20	24,6	44	22	56,9		
			4	67	20	5,6	44	22	57,3		
7		4	1	67	20	2,3	44	23	7,2	1	
			2	67	20	5,8	44	23	6		
			3	67	20	6,5	44	22	58,8		
			4	67	20	5,6	44	22	57,3		
8		5	1	67	17	31,9971	44	18	37,376	4,9	
			2	67	17	37,9961	44	18	39,0321		
			3	67	17	42,6825	44	18	28,4322		
			4	67	17	36,7443	44	18	26,546		

ЖОБА

«Қызылорда облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы №201 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 201 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында Қызылорда облысының су қорғау аймақтары мен белдеулерінде реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	8	Сырдария өзені	Қызылорда қаласы	2733,1	70-1700	35 ».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

АСҚАР КІРЕБАЕВ – 80

Ақын, сатирик, драматург Асқар Кіребаев есімі Сыр бойына ғана емес, еліміздің әдеби ортасына жақсы таныс.

Ол 1946 жылы Жалағаш ауданы «Ақарық» ауылында өмірге келген.

ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. «Сырдария» газетінде корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет еткен. 1981 жылдан облыстық «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер, Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы меншікті тілші, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1993 жылдан республикалық газеттердің меншікті тілшісі, 1996-2000 жылдары Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің редакторы, мұнан соң облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ драма театрының директоры қызметтерін атқарды. Соңғы жұмысы «Қазақпараттың» облыстағы аймақтық тілшісі болды.

2008 жылы өмірден өтті.

Бұл – қағаз жүзіндегі өмірбаяны ғой. Енді өзімнің жанымнан айтайын.

ҚЫЛЫШТАН ӨТКІР, ҚЫЛДАН НӘЗІК

Мен 1993 жылы институт бітіріп, облыстық газетке келдім. Сол кезде Асекең де күнара газет редакциясында жүретін. Ол кісі сол кезде республикалық «Ауыл», «Заман-Қазақстан» газеттерінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі екен. Сыртынан білетінмін. Менімен бірінші көргеннен-ақ бұрыннан танитындай сөйлесті.

– Дүйсенбек, біз туысқанбыз ғой, – деді. Менің ойым рулық жағына кетіп, ойланыңқырап қалғанмын, соны байқап, – Ақындардың бәрі бір рудан, – деп күлді.

Руластықтан рухтас жақын болады екен, сол күннен бастап өте жақын жандарға айналдық.

Редакцияға келсе Қази екеуміздің алдымен іздейді. Сол кезде бүгінгі елуді еңсерген белгілі журналистер көктемгі жапырақтай балғын қыжігіттер еді. Асқар келсе, бәрі жиыла қалады. Сөздің шыны, пәленше келе жатыр десе, бой тасалап қалатын адамдарымыз да бар ғой, Асқар келе жатыр десе алдынан шығатынбыз. Асекеңнің әңгімелері қызық, әңгіме болып басталып, анекдотқа айналып кетеді. Бәрімізді қыран-топан күлкіге қарық қылады. Өзінің болмысы сондай таза, жүзі жылы, түр-сипатында адамды тартып тұратын тылсым бардай.

Екеуіміз көп әңгімелесетінбіз. Асекең сонау жетпісінші жылдардың басында аудандық газетте Әскербек Рахымбеков, Айжарық Сәдібеков, Махмұтбай Әміреев, Ибрагим Исаев, Өріс Яшкурова, фотосуретші Болат Омарәлиев бәрі бірге қызмет еткен. Газетте істемесе де Иранбек Оразбаев пен Темірше Сарыбаев та сол кезде Қызылордада екен.

Бірде Асекең: «Жекежеке шабыт қумай, біз де Алматы сияқты әдеби орта қалыптастырайық. Оған ат қояйық» депті. Осы ұсыныспен «Тәжмамиран» деген ұйым ашады, жай, еш жерде тіркелмеген ұйым. Ақындар бас қосатын орта. Шынымен де осы орта өлең оқып, пікір айтатын алаңға айналып, оған жан-жақтан көп ақындар шоғырланған.

Айтпақшы, әлгі атауды тарқатып айтқанда былай: Т – Темірше, Ә – Әскербек, Ж – Жанұзақ, М – Махмұтбай, А – Асқар, М – Мұхамеджан, Иран – Иранбек.

«Тәжмамиранның» ай сайынғы басқосуларына сырттан келген ақын-жазушы қонақтар қатыса бастайды. Жауапкершілік күшейеді. Сонымен бір күні Иранбек, одан кейін Темірше Алматыға біржола көшетін болады да, ұйым тарап кетеді. Тарап кетті деген де әшейін сөз, сексенінші, тоқсаныншы жылдары да Қызылорда ақын-жазушылардың ордасы атанды. Солардың басын қосып, біріктіретін де Асқар ағамыз болатын. Дәмханаға апаратын, үйіне шақыратын, әйтеуір ақындардың басқосуынсыз өтетін күн аз еді.

Бір жылы Асекең екеуміз Нұртас Оңдасыновтың сексен жылдығына арнап Түркістанда өткізілген мүшәйраға бардық. Сонда мені тізімге жаздырып жүрген де Асекең. Мен мүшәйрадан үшінші орын алдым. «Біраз ақынның алдын орадың» деп арқамнан қақты, Асекең.

Бұл ол кісінің қамқорлығы еді. Жастарға өте қамқор пейілді кісі, ешкімді жатырқамайды.

Ал енді қарлығыңқырап шығатын қоңыр даусымен өлең оқығанда алабөтен.

Жүйрік ат, қыран бүркіт,
құмай тазы,
Қазақты сері емес деп кім айтады.
Азаматты өткінші байлық емес,
Бір тұлпары жоқтығы мұнайтады.

Беу, тұлпар жібек жалды
жануарым,
Қашаннан болдың сесім, бағым,
арым.
Жалғыз аты болса егер
маңдайында,
Жігіттің болған емес жаны жарым.

Осы өлеңді оқығанда мен үнсіз қалатынмын. «Жақсы өлеңге қол шапалақтамайды» деген бір тәмсіл есіме түсетін. Бірақ сол сөзді дәлелдемек оймен емес, біртүрлі өлеңде өзім бар сияқтымын...

Ақын Асекеңді бір жылы театр директоры қылып қойды. Сол кезде оның «Махаббат пен ғазауат» деген драмасын көрдік. Мен бұл жанрға шығарманы қалай жазуды білмеймін, таңғалдым! Шығарманың шынайылығы сонша, жылағың келеді. Қырқыншы жылдардың өмірі қазаббат екен-ау.

Кейін мен Ақжарма ауылының ақсақалдарымен сөйлескенімде тура сол драманың түпнұсқа сюжетін тыңдадым. Өмірдің өзі драма деген осы екен.

Асқар ақын бізге, өзінен кейінгі буынға ұстаздық етті, өлеңде де, өмірде де. Қаламгер-журналист Қази Данабаевпен дос болды. Ол кісілердің қарапайым тірліктегі қалпының өзі өнеге болатын.

Асекең өмірден өткенде жан досы Иран-Ғайыптың «Мына дүниенің бәрін қай кезде жүріп жазған» деп артында қалдырған рухани дүниелеріне таңданыспен баға бергенін естіген едім. Шын мәнінде Асқар Кіребаев өте еңбеккеш және жазғандарын аса биік талғаммен жариялайтын қалам иесі еді.

Біздің қолымызда ақынның бірнеше кітабы бар, ішіндегі қайта-қайта қолға алғаным – «Іңкәрдариясы». Асекең сөз тазалығына өте ұқыпты, көшпенді жұртымыз тұтынған тұрмыстық заттарының атауын, халқымыздың салт-дәстүрін түгел білетін.

Бірде маған 1988 жылы Алматыдағы «Жалын» баспасынан балаларға арналған өлеңдер жинағының шыққанын, сондағы редакторлардың қасқыр туралы өлеңін алып тастағанын айтты. «Неге?» дедім, мен.

Ол өлеңнің оқиғасы былай екен: Бір шопан қонысына жақын жерден қасқырдың апанын көріп, аңдып жүріп енді көзін ашқан күшіктерін өлтіріп тастайды. Осыдан соң қасқыр аңдып жүріп, киіз үйде шешесінің қасында жатқан алты айлық баланы тістеп ала қашып, қыр басына апарып, тамағынан орып өлтіріп, өзі жайына кетеді.

Әлгі баспаның редакторлары жас жігіттер екен. Бұған сенбестік білдіріпті. «Алдында бір отар қой тұрғанда жанын жалдап киіз үйге кіріп, одан баланы алып қашып және оны жеп қоймай тастап кететін ол қасқыр ауыш па әлде вегетарианец пе?» депті олар.

«Қасқырды суретінен ғана көрген жігіттерге мен табиғат заңының күрделілігі, тілі жоқ болғанымен әрбір жаратылыс иесінің өзіне тән ақылсанасы, жазылмаған бұлжымас заңдары болатынын қанша дәлелдесем де, түсіндіре алмадым» деп күйінді сонда, Асекең.

Көпшілік Асекеңді ешқашан ашуланбайтын, тек қана әзіл айтып жүретін адам есебінде қабылдайтын бірақ, біз білетін Аскең ұлттық болмыс, тек, рух мәселесіне келгенде көп нәрсеге құлазып қалатын.

Ағамыздың артында өлмес сөзі бар, Гүлжахан жеңгеміз, Шыңғыс, Серік, Алмас есімді алтын асықтай ұлдары бар.

Бүгін тілі қылыштан өткір, ділі қылдан нәзік арқалы ақын ортамызда жүргенде сексен жасқа толғанын тойлайтын едік.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Қырық күн өтті өзіңсіз

Тамырын тереңге жайған бір әулеттің тұғыры, елінің елеулі тұлғасы, адал еңбегімен, парасатты болмысымен көпке үлгі болып, ғибратты ғұмыр кешкен Құлмырзаев Серік Қожанұлы фәниден бақиға бет түзегелі қырық күнге таяды. Тағдыр ісіне шара бар ма?

Әкеміз саналы ғұмырында қарапайым қасиетінен танбай, халқы үшін қалтқысыз қызмет етті. Мемлекеттік қызметте сатылап өсіп, еңбек жолының әр кезеңінде дараланды. Спортты серік етіп, зейнет жасында халықаралық жарыстарда Қазақстан намысын қорғады.

Жаны жайсаң, иманы берік, сөзі үлгі, ісі өнеге, тазалық тұғырынан тайқымаған әкеміздің орны – жүрегіміздің төрінде. Ғазиз бейнесі, ақыл-кеңесі, өмірлік ұстанымы – мәңгі жадымызда!

Жадымыздан өшпейді атың,
әкешім,
Елге сыйлы, абыройлы әкесің.
Балаларың, немере мен шөберең
Бәрі сені сағынуда, әке шын.
Шырақ едің, сәуле едің, ай едің,
Иманы мол, мейірімге бай едің.
Ілім, білім, тәрбиеге қаныққан,
Үлгі алар ер атына сай едің.
Асқар тауым, біртуарым, еренім,
Мақтанышым, дара туған
ер едің.
Жан әкем-ау, жанға батып
жоқтығың,
Күңіреніп, сағынады ел ерін.

Бір Алладан ендігі тілеріміз жайлы болсын, әкетай, жатқан жерің!

Марқұм әкеміздің рухына бағышталған қонақасы 20 наурыз күні сағат 16.00-де өтеді. Ал 21 наурыз күні сағат 12.00-де қырық күндік асы беріледі.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Махамбетов (Наурыз) елді мекені, Әбдіразақ Әлібеков көшесі, 26 үй.

Сағына еске алып, қырқына шақырушы:
зайыбы Балкүл, балалары және бауырлары

БОРЫШ

КӨКТЕМГІ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ

Облыста көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталды. Биыл өңірден 800-ден астам азамат әскерге аттанады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы орынбасарының міндетін атқарушы Нұрлыбек Сейтханов хабарлады.

Оның айтуынша, наурыз-маусым айлары аралығында жас сарбаздар ҚР Қарулы күштері мен өзге де әскери құрылымдар құрамында Отан алдындағы борышын өтейді.

– Көктемгі шақырылым кезінде өңірден 800-ден астам азамат әскери қызметке, атап айтқанда ҚР ҰҚК Шекара қызметіне 100, Қарулы күштер қатарына 400, Ұлттық ұланға 300, Мемлекеттік күзет қызметіне 15, Төтенше жағдайлар министрлігіне 30-ға жуық азамат жіберіледі. Бұл – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Әскер қатарына елімізді қорғауға қабілетті, денсаулығы мықты, дене бітімі шыныққан, білім деңгейі жеткілікті және моральдық-іскерлік қасиеті жоғары азаматтар іріктеледі. Борышты өтеу кезінде жастарды тәртіп пен жауапкершілікке, отансүйгіштікке баулиды,– дейді Нұрлыбек Қалыбекұлы.

Науқанда шақыру контингенті тиянақты зерделенеді. Шақырушылармен, олардың ата-аналарымен әңгімелесу жүргізіледі. Бұл шараның жастарды әскери бөлімдер бойынша іріктеу мен бөлу кезінде маңызы зор.

Сондай-ақ жас сарбаздар алдымен медициналық тексерістен, заң талаптарына сәйкес сараптамадан өтеді, моральдық-психологиялық дайындығы ескеріледі. Барлық ұйымдастыру жұмыстары қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүргізіледі.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» БІРІНШІЛІКТІ ТЕҢ ОЙЫНМЕН БАСТАДЫ

Футболдан Қазақстан Премьер-лигасының алғашқы турында қызылордалық «Қайсар» өз алаңында Астананың «Жеңіс» командасын қабылдады. Бұл кездесу былтыр пайдалануға берілген «Қайсар-арена» стадионында өтті.

Ойын алдында жанкүйерлер жергілікті клубтан үлкен үміт күтті. Оның себебі де жоқ емес. Қызылордалық команда елімізде алғашқы болып жеке инвестордың қолына өтті. Жаңа басшылық клуб алдына жүлделі орындардың біріне ілігу және Қазақстан кубогына қол созу міндетін қойды. Сондықтан олар алдымен бас бапкерді ауыстырды. Бұл қызметке қазақстандық маман Андрей Ферапонтов келді.

Команда басшылығы өткен жылғы құрамнан қақпашы Нұрымжан Салайдин, қорғаушы Темірлан Мұрзағалиев пен Әділет Кеңесбек, жартылай қорғаушы Айбол Әбікен мен Думан Нәрзілдаев, шабуылшы Нұрдәулет Ағзамбаевпен келісімшарт мерзімін ұзартты. Сондай-ақ команда құрамына шетелден жаңадан қақпашы Адам Ковач (Словакия), қорғаушы Никола Цуцкич (Сербия), шабуылшы Томас Джонс (Чили) келді. Оған қоса қазақстандық қорғаушы Нияз Ыдырысов, жартылай қорғаушы Сағи Совет, шабуылшы Алияр Мұхамед алдағы маусымда қызылордалық клуб сапында ойын көрсетеді.

Дегенмен бірінші турдағы ойынға нигериялық Виктор Мозес пен Имо Әзекил қатыса алған жоқ.

Кездесу барысында алғашқы минуттан қос команда тарапынан толассыз шабуыл өрбіп жатты. Әсіресе, қызылордалық футболшылар жылдам гол соғу мүмкіндігін іздеді. Қарсыластар қақпасы маңында жиі бой көрсетіп, ұрымтал сәтті күтті. Шабуыл шебінде Нұрдәулет Ағзамбаев, Томас Джонс, Айбол Әбікен ойнаса, қақпаны Нұрымжан Салайдин күзетті. Қорғаныс және жартылай қорғаныс шебі Сағи Совет, Әмір Мұхаммед, Әділет Кеңесбек, Бақдәулет Көңілмқос, Никола Цуцкич сынды футболшыларға сеніп тапсырылды.

Жерлестеріміз шабуылға көбірек шыққанымен қарсылас қақпасынан саңылау таба алмай жатты. Кейбір сәтте қызылордалық футболшылар көздеген нысанадан мүлт кетсе, енді бірінде елордалық қорғаушылар тосқауыл қойды. Ойынның 43-минутында әуелете берген допты Әділет Кеңесбек голға айналдыра білді.

Екінші кезеңде астаналық команда таразы басын теңестіруге ұмтылды. Нәтижесінде 84-минутта олардың тарапынан ұйымдастырылған шабуылдың бірінде «Қайсар» сапынан Нияз Ыдырысов өз қақпасына гол соғып алды. Осылайша қарсыластар 1:1 есебіне қанағат білдіріп тарасты.

Енді жерлестеріміз алдағы ойынын 16 наурызда өз алаңында елордалық «Астана» командасына қарсы өткізеді.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 21097 | Тапсырыс №416 | Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**